

ЖЕМ - САҒЫЗ

№21 (7881) 28 мамыр, Бейсенбі 2026 жыл



https://zhemsagyz.kz/



zhemsagyzgazeti@mail.ru

СЫҢҒЫРЛА, СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ!

АҚ ЖОЛ, ЖАС ТҮЛЕК!



Мамырдың мамыражай күнімен бірге мектеп ауласын ерекше күйге бөлейтін қоңырау үні тағы бір оқу жылының аяқталғанын айшықтады. Балалық шақтың бал дәуірімен қоштасқан түлектер үшін бұл күн – жүрекке жылу, көңілге қимастық ұялатқан ең әсерлі сәттердің бірі. Биыл да аудан мектептерінде өткен соңғы қоңырау салтанаты ерекше тебіреніспен өрілді. Ақ бантик таққан бүлдіршіндердің сыңғыр күлкісі, ұстаздарға арналған алғыс пен түлектердің қимастыққа толы вальсі мектеп өмірінің ұмытылмас естелігіне айналды.



25 мамыр күні аудан мектептерінде «Заң және тәртіп – халықтық Конституция құндылықтары» тақырыбында сынып сағаттары өткізіліп, сағат 10:00-де түлектердің мектеппен қоштасу рәсімі ұйымдастырылды. Салтанатты шара барысында мектеп бітірушілер ұстаздарына гүл ұсынып, ата-аналарына алғыс айтып, өздерінен кейінгі буынға ақ тілектерін арнады. Қоңыраудың соңғы үнімен бірге түлектердің бала күнгі арман-мұраттары үлкен өмірге бағыт алғандай әсер қалдырды.

Айта кетейік, 2025-2026 оқу жылын аудан бойынша жалпы саны 4810 оқушы аяқтаса, оның 308-і – үлкен өмірге қадам басқалы отырған мектеп түлектері. Сонымен қатар 9 сыныпты 437 оқушы тәмамдап, келесі білім белесіне жол тартты. Білім ордаларында ұйымдастырылған мерекелік жиындарда үздік оқушылар мен озат ұстаздардың еңбегі еленіп, марапаттар табысталды. Жас түлектерге ақ жол тілеген жүрекжарды лебіздер айтылып,

әр мектепте ерекше әсерге толы естеліктер қалыптасты.

Биылғы оқу жылы ауданның білім саласы үшін табысты кезеңдердің бірі болды деуге толық негіз бар. Жалпы орта білім туралы «Алтын белгіге» 13 оқушы үміткер болса, «Үздік аттестатқа» 20 түлек ұсынылды. Ал негізгі орта білім туралы «Үздік аттестатқа» 62 оқушы ие болуға үмітті. Бұл - көрсеткіштер аудан мектептеріндегі білім сапасының жылдан-жылға артып келе жатқанын көрсетеді.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Мурат Дабысовтың айтуынша, биыл Ұлттық бірыңғай тестілеуге 303 түлек өтініш берген. Қазір олар үшін ең жауапты кезең басталып, болашақ мамандыққа жол ашар маңызды сынаққа дайындық жүргізілуде.

— Биыл ауданның білім саласы бірқатар жетістіктерімен ерекшеленді. Жалпыөндік олимпиаданың облыстық кезеңінде аудан құрамысы командалық есепте II орынды иеленіп, өңір намысын абыроймен қорғады. Облыстық олимпиадаларда аудан оқушылары жалпы саны

148 жүлдеге қол жеткізді. Сонымен қатар ауыл олимпиадасының республикалық кезеңінде үш оқушы жүлделі орыннан көрінді. Спорттық жарыстарда да байгениндік оқушылар жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Мектеп лигасы аясында асық ату мен волейболдан аудан спортшылары республикалық кезеңге жолдама алып отыр. Педагогтер арасында да жетістік аз емес. Республикалық байқауларда ауданның үш жас маманы жүлделі орын иеленсе, «Үздік психолог» байқауының республикалық кезеңінде аудан педагогы жеңімпаз атанды, - дейді білім басшысы.

Оқу жылы барысында әлеуметтік қолдау шаралары да басты назардан тыс қалған жоқ. Аудан мектептерінде осы оқу жылында 2334 оқушы бір реттік ыстық тамақпен қамтылған. Оның ішінде арнайы санаттағы 582 бала бар. Мемлекеттік қолдау жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, аз қамтылған және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларына көрсетілуде.



Ал жазғы демалыс кезеңінде балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен сауықтыру жұмыстары жалғасын таппақ. Биыл арнайы санаттағы оқушылардың бір бөлігі Ақтөбе қаласындағы «Шұғыла», «Әлия», «Күншуақ» лагерлерін-

де тынығады. Сонымен қатар 1-10 сынып оқушылары мектеп жанындағы лагерьлермен және қосымша білім беру ұйымдары жанындағы жазғы алаңдармен қамтылмақ.

Ө.ӘНУАРБЕК



ОТБАСЫ – БАРЛЫҚ ЖЕТІСТІКТІҢ БАСТАУЫ!

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2026» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ БАСТАЛДЫ!

Әрбір шаңырақтың берекесін тасытып, отбасылық құндылықтарды дәріптейтін еліміздегі ең ауқымды жоба қайта оралды! Егер сіздің отбасыңыз ауызбіршіліктің, еңбекқорлық пен өнегенің үлгісі болса, бұл конкурс сіздерге арналған.



Конкурстың басты мақсаты не? Отбасы институтын, адамгершілік пен рухани құндылықтарды нығайту. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсететін үлгілі әулеттерді насихаттау.

Кімдер қатыса алады? Еңбекте, спортта, шығармашылықта, ғылым мен зияткерлік саласында жоғары жетістіктері бар, сондай-ақ қоғамдық жұмыс-

тарға (волонтерлік, қайырымдылық) белсенді араласатын кез келген қазақстандық отбасы қатысуға құқылы.

Өтінім қабылдау мерзімі: Құжаттарды қабылдау 15 мамыр мен 15 маусым аралығында жергілікті аудандық және қалалық әкімдіктерде (ішкі саясат бөлімдерінде) жүргізіледі.

Байқау кезеңдері: I кезең: Аудандық / қалалық деңгей (15–30 маусым). II кезең: Облыстық / республикалық маңызы бар қалалар деңгейі (30 маусым – 15 шілде).

Байланыс номері: 87056043328.

Жеңімпаздар қыркүйек айындағы Отбасы күніне орай Астана қаласында салтанатты түрде марапатталады. Өз отбасыңыздың тарихымен бөлісіп, өзгелерге шабыт сыйлаңыз!

Аудандық ішкі саясат бөлімі

Құрметті балалар! Қадірлі ата-аналар!

Баршаңызды жайдары жаздың алғашқы күнімен тұспа-тұс келетін 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – балғын бүлдіршіндердің шаттыққа толы қуанышы ғана емес, әрбір ата-ананың, әрбір отбасының ортақ мейрамы. Балалар – еліміздің ертеңі, халқымыздың жарқын болашағы, тәуелсіз мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы.

«Барым балам үшін» деп ұрпағын ардақтаған халқымыз үшін балалардың амандығы мен бақытты балалық шағы қашанда басты орында. Бүгінде мемлекет тарапынан еске-лең ұрпақтың сапалы білім алып, саналы тәрбие көруіне, шығармашылықпен, спортпен айналысуына, қауіпсіз әрі жайлы ортада өсуіне барлық жағдай жасалуда.

Осы бағытта Байғанин ауданында да жүйелі жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылып, балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін жобалар қолға алынуда. Алдағы уақытта да бүлдіршіндердің жарқын болашағы үшін маңызды бастамалар жалғасын табатын болады.

Халқымыз «Адам ұрпағымен мың жасайды» деп бекер айтпаған. Сондықтан бала тәрбиесі – баршамызға ортақ жауапкершілік. Бүгінгі міндетіміз – жас ұрпақтың бойындағы қабілетті ашып, олардың сапалы білім мен тағылымды тәрбие алуына жағдай жасау.

Бүгінде ауданымыздың оқушылары білім мен өнерде, спортта түрлі жетістіктерге жетіп, ел мерейін асырып келеді. Бұл – ата-аналардың, ұстаздардың және қоғамның ортақ еңбегінің нәтижесі.



Қымбатты балалар!

Сіздерге мықты денсаулық, шаттыққа толы балалық шақ, жарқын болашақ тілеймін! Әрдайым ата-аналарыңыздың қуанышы, елдің мақтанышы болып өсіңіздер! Армандарыңыз асқақ, болашақтаңыз баянды болсын!

Мереке құтты болсын!

Ізгі тілекпен,
Байғанин ауданының әкімі
Айбек КУПЕНОВ



ТАЗАЛЫҚ – ТУҒАН ЖЕРГЕ ДЕГЕН ЖАНАШЫРЛЫҚТЫҢ КӨРІНІСІ

Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы ауданда кең көлемде ұйымдастырылып, екі ай бойы елді мекендерде жүйелі тазалық және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Акция аясында көшелер мен қоғамдық орындар тазартылып, рұқсатсыз қоқыс орындары жойылды, көгалдандыру жұмыстары қарқын алды. Бұл жұмыстарға ауыл тұрғындары, жастар, еріктілер мен түрлі мекеме ұжымдары белсенді қатысып, туған жердің тазалығына ортақ жауапкершілікпен қараудың үлгісін көрсетті. Экологиялық бастаманың қорытындысы, тұрғындардың белсенділігі, акция барысында анықталған мәселелер мен алдағы жоспарлар туралы аудан әкімінің орынбасары Рүстем Раушановпен сұхбаттасқан едік. Сонымен...

- Рүстем Аманжолұлы, «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының екі айлық кезеңі өз мәресіне жетті. Осы уақыт аралығында Байғанин ауданында қандай нақты жұмыстар атқарылды және оның нәтижесін қалай бағалайсыз?

- «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы - Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған маңызды экологиялық жоба. Оның басты мақсаты – елді мекендердің санитарлық жағдайын жақсарту ғана емес, қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті арттыру. Ауданда бұл акция екі ай бойы жүйелі түрде ұйымдастырылып, учасоктер бес секторға бөлініп, мекемелерге бөлініп беріліп, барлық ауылдық округтерде кең көлемде жұмыстар жүргізілді. Аудан бойынша сенбіліктерге мемлекеттік мекемелердің қызметкер-

- Акция аясында аудан тұрғындары, жастар, еріктілер мен мекеме қызметкерлерінің белсенділігі қандай деңгейде болды? Бұл бастама халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға қаншалықты әсер етті деп ойлайсыз?

- Бұл бастамаға мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері ғана емес, ауыл тұрғындары, жастар, еріктілер, ардагерлер, кәсіпкерлер және қоғамдық ұйым өкілдері де белсене қатысты. Акция барысында аудан тұрғындарының белсенділігі өте жоғары деңгейде болды деп айта алмаймын. Десе де, көптеген тұрғындар өз аулаларын, көше бойларын, кәсіпкерлік нысандарының айналасын ретке келтіріп, ортақ іске үлес қосты. Бұл бастаманың тек әкімдік немесе коммуналдық қызметтердің жұмысы емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін тұрғындар жақсы түсінді. Тазалықты сақтау – бір реттік шара



- Екі айлық акция барысында қанша сенбілік ұйымдастырылып, қанша тонна қоқыс шығарылды, қанша ағаш көшеті отырғызылды? Нақты көрсеткіштерге тоқталып өтсеңіз.

- Күні бүгінге дейін аудан бойынша жалпы көлемі 451 тонна қоқыс шығарылып, арнайы белгіленген орындарға төгілді. Бұл — тазалық жұмыстарының нақты нәтижесін көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі. Аудан аумағындағы бейберекет қоқыс орындарын жою, көшелер мен жол жиектерін тазарту, арық-атыздарды қалыпқа келтіру бағы-

еріктілер мен мекеме қызметкерлері ортақ іске белсене атсалысты. Ауыл ішіндегі көшелер тазартылып, бей-берекет жиналған қоқыстар шығарылды, қоғамдық орындар мен әлеуметтік нысандар маңы абаттандырылды. Сонымен қатар көгалдандыру жұмыстарына басымдық беріліп, ағаш көшеттері отырғызылды. Әсіресе, Қарауылкелді ауылында тұрғындардың ұйымшылдығы мен жауапкершілігі анық байқалды. Ал Ащы мен Көлтабан ауылдарында тазалық жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу арқылы қоршаған ортаға деген жанашырлықтың жақсы үлгісі қалыптасты.

- Акция кезінде анықталған негізгі мәселелер қандай болды? Оларды шешу бағытында қандай жұмыстар қолға алынууда?

– «Таза Қазақстан» акциясы барысында негізгі мәселелердің бірі – тұрғындардың көше араларындағы сай-салаларға және белгіленбеген орындарға қоқыс тастауы болды. Кейбір аумақтарда ұзақ уақыт бойы жиналған тұрмыстық қалдықтар санитарлық жағдайға кері әсерін тигізгені анықталды. Осыған байланысты аудан көлемінде тазалық жұмыстарын күшейтіп, қоқыс жиналған аумақтарды жаппай тазарту жұмыстары ұйымдастырылуда. Атап айтқанда, көше бойындағы сай-салалар арнайы техникалардың көмегімен қоқыстан тазартылып, жерлерін тегістеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар рұқсатсыз қоқыс орындарының қайта пайда болуына жол бермеу мақсатында тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары қолға алынып, санитарлық талаптарды сақтау мәселесіне баса назар аударылуда. Бұл жұмыстар елді мекендердің тазалығы мен көркін жақсартып қана қоймай, тұрғындардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға да ықпал етеді деп сенеміз.

- Экологиялық тазалықты сақтау бағытындағы жұмыстар акция аяқталғаннан кейін де жалғаса ма? Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз.

- Әрине, екі айлық сенбілік пен «Таза Қазақстан» акциясы аяқталғаннан кейін де экологиялық тазалықты сақтау бағытындағы жұмыстар тоқтамайды. Керісінше, бұл бастама ауданымызда тұрақты түрде жалғасын табатын маңызды жұмыстардың біріне айналуы тиіс деп есептейміз. Өйткені ауыл тұрғындарының таза, көрікті әрі қауіпсіз ортада өмір сүруі – әрдайым басты назардағы мәселе. Акция барысында атқарылған жұмыстар тек белгілі бір мерзіммен шектелмейді. Алдағы уақытта да елді мекендердегі санитарлық тазалықты сақтау, көшелер мен қоғамдық орындарды күтіп ұстау, рұқсатсыз қоқыс орындарының алдын алу бағытындағы жұмыстар

жүйелі түрде жүргізіле береді. Әсіресе, көше араларындағы сай-салаларды тазарту, қоқыс шығаруды реттеу және аумақтарды абаттандыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінбек. Сонымен қатар көгалдандыру жұмыстарын жалғастырып, ағаш көшеттерін отырғызу көлемін арттыру жоспарланып отыр. Бұл бағытта ауыл тұрғындары, жастар, еріктілер және мекеме ұжымдарының белсенділігін сақтап, ортақ жауапкершілікті күшейту маңызды. Себебі тазалық – барша қоғамның ортақ міндеті. Алдағы кезеңде тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары да жалғасады. Әсіресе, жас ұрпақтың табиғатқа жанашырлықпен қарауын қалыптастыру – басты мақсаттардың бірі. Мектептер мен қоғамдық ұйымдардың қатысуымен түрлі экологиялық шаралар, сенбіліктер мен ағаш отырғызу акцияларын өткізу жоспарда бар. Жалпы, «Таза Қазақстан» акциясы аудан тұрғындарының тазалыққа деген көзқарасын өзгертіп, ортақ іске жұмыла білудің жақсы үлгісін көрсетті. Сондықтан бұл жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты жалғасып, ауданымыздың санитарлық жағдайын жақсарту мен экологиялық мәдениетін арттыру бағытында нақты нәтижесін береді деп сенеміз.

- Байғанин аудан тұрғындарына қоршаған ортаны таза ұстау жөнінде қандай үндеу айтар едіңіз?

- Тазалық – баршамызға ортақ құндылық. Біз өмір сүріп отырған орта – өз үйіміз, балаларымыздың болашағы, ата-аналарымыздың жайлы ғұмыры өтетін мекен. Сондықтан туған жеріміздің тазалығы мен көркеюіне әрбір азамат бейжай қарамауы керек деп есептеймін. Өз өміріміз өз қолымызда. Өке-шешеміз бен бала-шағамыз өмір сүретін ауылымызды таза ұстау – әрқайсымыздың азаматтық міндетіміз. Қоқысты бейберекет тастамай, айналамызды күтіп ұстап, көгалдандыру жұмыстарына белсенді қатысу арқылы біз келер ұрпаққа таза әрі көрікті орта қалдырамыз. Қаншама сырттан келіп-кететін адамдар бар. «Сырт көз – сыншы» демекші, ауылымыздың таза, көрікті әрі жинақы болуы ең алдымен өзімізге керек деп есептеймін. Тазалық – елдің мәдениеті мен тұрғындардың қоршаған ортаға деген көзқарасының айнасы. Сондықтан әрбір азамат өз ауласын, өз көшесін таза ұстаудың жауапкершілігін түсінсе, нұр үстіне нұр болар еді. Тазалық - күнделікті өмір салтына айналғанда ғана нәтижелі болады. Сондықтан барша аудан тұрғындарын қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, ауылымыздың тазалығы мен көркеюіне бірге үлес қосуға шақырамын!

- Сұхбатыңызға рақмет!
Өйгерім ЖАРТИНА



лері, жастар, еріктілер, кәсіпкерлер, тұрғындар мен қоғамдық ұйым өкілдері белсенді қатысты. Акция аясында елді мекендердің көшелері мен қоғамдық орындары тазартылып, бей-берекет төгілген қоқыстар шығарылды. Аудан көлемінде ондаған техника жұмылдырылып, жүздеген тонна тұрмыстық қалдықтар арнайы полигондарға жеткізілді. Аула аумақтары, саябақтар, балалар ойын алаңдары мен әлеуметтік нысандардың айналасын ретке келтірілді. Сондай-ақ жол бойлары, арықтар мен су өткізгіш арналары тазартылып, заңсыз қоқыс орындарын жою бағытында нақты жұмыстар атқарылды. Кейбір елді мекендерде тұрғындардың өз бастамасымен аулаларды абаттандыру, қоршауларды сырлау, ескі құрылыстарды ретке келтіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы, «Таза Қазақстан» акциясының екі айлық кезеңінің қорытындысын оң бағалаймыз. Атқарылған жұмыстар ауданымыздың көркеюіне, санитарлық тұрғындардың жақсаруына және тұрғындардың ортақ іске деген жауапкершілігінің артуына оң әсер етті. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, ауданымызды таза, көрікті әрі жайлы ету жолындағы жүйелі шаралар тұрақты түрде жүргізіле береді.

емес, күнделікті өмір салтына айналуы тиіс екенін де көпшілік жақсы қабылдағандай. Бұл акцияның ең маңызды нәтижесі – тұрғындардың экологиялық мәдениетінің артуы. Әсіресе, жастар мен мектеп оқушыларының белсенділігі қуантады. Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен еріктілер тобы сенбіліктерге тұрақты қатысып, қоғамдық орындарды тазалау, ағаш отырғызу, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мектеп оқушылары мен студенттер де туған жерге жанашырлық танытып, тазалық акцияларынан шет қалған жоқ. Бұл – өскелең ұрпақтың экологиялық жауапкершілігінің қалыптасып келе жатқанын көрсететін жақсы белгі. Тазалықты сақтау, қоқысты бей-берекет тастамау, туған жердің көркеюіне үлес қосу сияқты құндылықтар тұрғындардың ортақ мақсатқа жұмылдырып қана қоймай, қоршаған ортаға жанашыр көзқарас қалыптастыруға үлкен серпін берді деп есептеймін. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасып, тазалықты сақтау тұрақты өмір салтына айналады деп сенемін.

тындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілді. Нәтижесінде елді мекендердің санитарлық жағдайы айтарлықтай жақсарып, тұрғындар арасында тазалық мәдениеті мен қоршаған ортаға деген жауапкершілік қалыптаса түсті. Сонымен қатар акция аясында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына ерекше басымдық берілді. Аудан бойынша 5145 түп ағаш көшеті отырғызылып, оларды күтіп-баптау жұмыстары қолға алынды. Ағаш көшеттері мектептер, мекемелер, саябақтар мен орталық көшелер аумағына егіліп, елді мекендердің көркін арттыруға үлес қосты. Бұл жұмыстар тек бүгінгі күннің ғана емес, келешек ұрпақ үшін де маңызды экологиялық бастама деп есептейміз.

- «Таза Қазақстан» акциясы барысында қай елді мекендер ерекше белсенділік танытты? Үлгі боларлық жұмыстарды атап өтсеңіз.

– «Таза Қазақстан» акциясы аясында аудан бойынша барлық елді мекендерде жүйелі жұмыстар жүргізілді. Соның ішінде Ащы, Көлтабан және Қарауылкелді ауылдарының белсенділігін ерекше атап өткен жөн. Аталған елді мекендерде санитарлық тазалық жұмыстары тұрақты ұйымдастырылып, тұрғындар, жастар,

«ӘН МЕН ЖЫРДЫҢ АҚБҰЛАҒЫ»

БӘКІР ТӨЛЕУҰЛЫ ТӘЖІБАЕВ – 100 ЖЫЛ

Қазақстан Республикасында белгілі ақын, драматург, прозаик, композитор, өнер зерттеуші Бәкір Тәжібаев 15 мамырда 1926 жылы Ақтөбе облысы, Байаанин ауданы Ақбұлақ ауылында туған.

Б.Тәжібаев 1941 жылдан бастап Темірдің педагогикалық училищесінде оқып, кезінде Жұрын аудандық (қазіргі Мұғалжар ауданы) газет редакциясында жауапты хатшы, аудандық комсомол комитетінде қызмет істеді.

1950 жылы Алматының театр-сурет училищесі жанындағы кино-актерлік бөлімді бітіргеннен кейін, Жамбыл, Шымкент облыстық театрларында актер болды.

1958 жылы Алматыға келіп Абай атындағы қазақ опера және балет театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі, Алматы облыстық халық шығармашылығы үйінде, Қазақ театр қоғамында жұмыс жасап, үлкен өнер ұжымдарында, атақты өнер, мәдениет қайраткерлері арасында шыңдалады, мектептен өтеді. 1974 жылы тікелей шығармашылық жұмысқа ауысады.

Ақын Бәкір Тәжібаев «Балбұлақ» - 1969ж., «Ән - дәурен» - 1973ж., «Жүріп келем» - 1976ж., «Дала жылдары» 1980ж., «Жыр жолаушы» - 1982ж., «Ақбұлақ» - 1985ж. т.б. қарапайым халық арасында кең тараған, халық сүйіп оқытын өлеңдер тақырыбына арналған.

Белгілі драматург Бәкір Тәжібаев театр жанры саласына лайықты үлес қосты. «Кел, дос болайық», «Қаракөз қарындасым», «Ана жүрегі», «Ақтау әні» драмалық музыкалық пьесалар жазды. Олар республикамыздың облыс, аудан театр сахналарында қойылды, жұртты риза етті, көрермендер жүрегінен орын тапты. Сонымен қатар, Б.Тәжібаев «Қамар Сұлу» операсының либреттосының авторы. Бұл операның музыкасын композитор Е.Рахмадиев жазды. «Қамар сұлу» операсының клавири жеке кітап болып, Москваның «Музыка» баспасынан 1970ж. шықты. «Қамар сұлу» операсының опера театры сахнасында қойылуы республика мәдениеті өмірінде елеулі оқиға болды. «Қамар сұлу» Б.Тәжібаевтың өнердің ерекше жанры опера саласына қосқан үлкен үлесі болып саналады.

Ақтөбе облысы жұртшылығы жүрегіне өте жақын Б.Тәжібаевтың шығармашылық туындысы «Сары сері мен қыз Қосан» пьесасы. Себебі, пьеса оқиғасы біздің Шалқар, Ырғыз жерінде болған, ал кейіпкерлері біздің жерлестеріміз. 2003 жылы 25-27 ақпанда Ақтөбеде өткен облыстық театры өнері фестивалінде Шалқар аудандық «Халық театры» «Сары сері мен қыз Қосан» спектаклін қойып, көрермендер, қазылар алқасы көңілінен шығып, бірінші орын алды.

Бәкір Тәжібаев композитор, орындаушы-әнші. Оның әндері халық арасына кең тараған, өзінің орындауында «Мелодия» фирмасынан күйтабақ болып шығарылды. Оның «Жас дәурен», «Ақбұлақ», «Ағын судай тасып жүрмін», «Әппағым-ау, әппағым», «Ақтамақ», «Ақ сәуле», «Жанеркем», «Туған жер», «Қостанай» тағы басқа әндері ән сүйер қауымға кеңінен таныс, үлкен сахналарда да. Ауыл-ел арасындағы той-кештерде де орындалады. Халық әртісі Сара Тыныштығұлова «Ақ бұлақ» әнін эстрадамен орындап, көрермен ықыласына бөленді. Ақын-сазгердің «Гүлсің-ау», «Жүрегім дүрсіл қағады» әндері бүкіл қазақ жұртының сүйікті әндеріне айналды. Ол Қазақстанның белгілі өнер адамдарымен Е.Рахмадиев, С.Мұхамеджанов, Н.Тілендиев, Ө.Еспаев, Ғ.Құрманғалиев, Е.Хасанғалиев, Ө.Бейсеуов т.б. тығыз, үнемі шығармашылық байланыста болды. Олармен бірге еңбек етті, ел арасына кең тараған «Туған ел», «Дала еркесі», «Әдемі-ау», «Бо-

зторғай», «Қарақөзайым», «Жамиланың әні», «Күн дидарлы Қазақстан» т.б. әндерге сөз жазды.

Бәкір кейбір әндерінің әнін де, сөзін де өзі шығарған. Кейбір әндеріне, өлеңдеріне әріптес сазгер ән жазған. Бәкір сазгерлердің әндеріне кей кезде өлең жазған. Міне, осылай өнер жолында өзара жақсы жақын болған.

Кеңес Одағының Батыры Ө.Молдағұловаға арналып жазылған рухы биік «Әлия» әні қазақ музыка өнеріндегі әннің де, авторлардың да атын шығарған ерекше туынды болды.

1977 жылы Болгарияда өткен Дүние жүзі эстрада әншілерінің конкурсында Роза Рымбаева «Әлияны» орындап «Алтын Орфей» жүлдесін жеңіп алып, аты әлемге тарады. Өзі айтқандай 30 жыл бұрын сахнадамын, Әлия аруағы қолдады-деп, биыл 50 жыл Әлияны шырқауда.

«Әлия» әнінің авторлары сөзін жазған Бәкір Тәжібаев, композитор Сейдолла Бәйтереков сол жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық «Ең үздік жыл әні -77» фестивалінде, бүкілодақтық фестивалдың лауреаты деген атақ алды. І-Диплом берілді. «Әлия» әні ақынның шоқтығы биік шығармасы болып, бүкіл қазақ даласын шарықтады. Ақын Б.Тәжібаевқа үлкен абырой келді.

Прозаик Бәкір Тәжібаев «Қараторғай» әңгімелер жинағының, «Біздің Роза» КСРО Халық әртісі Р.Бағланованың өмірі мен шығармашылық жолы туралы шығарманың, «Сахна жұлдыздары» атты атақты өнер қайраткерлері Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, Әзірбайжан Мәмбетов, Ыдырыс Ноғайбаев өмір жолдары мен сахналық қызметтері туралы әңгімелер жинақтарының авторы. Сондай-ақ, Бәкір Тәжібаевтың жырларында Ақтөбе, Байғанин өңірінің тарихы мен табиғаты елдің тыныс-тіршілігі, атақты адамдары жырланады. Туған жерге сүйіспеншіліктен «Байғанин жастары» валсын жазды. Бөкенбайсайын, Ақбұлақ, Жарқамыс маңын жадында жаттап Бәкір ауылын сағынып, ойлап, есіне алып, «Ауылға барғанда» деген өлең жазған. «Ауылға кел» деп әкем «құраулап» дауыстап, ауыл үйдің түтіні будақтап, маған қолым бұлғап шақыратын. Баратынмын – деп ауылда көңіл қошын саялап, сағынышын басып өлеңдеткен.

Бәкір көпішіп, көңілді, тұрғындармен жақсы байланыс жасай алған. Сөз, әңгімені жылы, шешен айтқан. Өлеңді түрлендіріп оқыған. Өнді әсем орындаған.

Дүрілдетіп ел-жұрты той тойлайтын. Кезім келді аянбай бір толғайтын- деп «Ақтөбеге одақ» деген өлеңінде жыр төккен, ғажап көрінісін келістірген, жерін елін, ерін сүйген, ұнатқан, жайнатқан, ән-күйін шалқытқан, адамын, жетістігін мадақтаған. Өзі осылай жырладым туған жерді, елді, іс бітірдім деп масаттанған, көңіл қошы көтерілген, рахат алған.

«Жем-Сағыз» өлеңінің сөзін, әнін Бәкір өзі шығарған, орындаған.

Жем-Сағыз – қалың жұртым жайлаған жер, ... Жем-Сағыз, айналайын, жайнаған жер - деп сағынышын саялатып, көңіл қошы көтеріліп, Жем-Сағыз өңірі жеріне жеткізіп, өркендетіп, өлеңдетіп, әуелетіп, әңдетіп, еңбегін, жақсылығын, жетістігін, қуанышын жұртқа жариялаған, туған жеріне, еліне сыйлаған.

Талай татқан дәмнің Шұбарқұдық, Маған қымбат қаласы Төмірдің.

Сонда өткен жастығы өмірімің- деп оқыған, өскен жерге, арнап ұзақ толғау, еске алу «Темір» деген өлең жазған мақтаған.

Маңайды еңге бөлеген, оған шашу шашқан, әкесі атын суарған, анасы келіп су алған Ақбұлақтың атына әнін, сөзін Бәкір өзі шығарған. Ал ән болған «Ақбұлақ» Бәкірдың атын шығарған. Мен бұлақтың суын сімірдім.

Қарауылкелді, Қарауылкелді Сен дегенде сұлу сазды арман. Теміржол- қос ішегі домбыраның, Қарауылкелді жымындаған жұлдыздардан Тағынғасың алқаны.

Мені магниттің тартады.

Тағыда келдім сағынып-деп өлеңдеткен. Қарауылкелдінің Абырой, атағын аспандатқан. Тұла бойы елжіреп, сағынып, қуанып, ауыл үйлерін аралып, тұрғындармен кездесіп, сәлемдесіп, сағынышын басып, жақындасуды, сыйлауды мақсат еткен. Оған жеткен, орындаған. Ақынның осы ой-пікірін, ісін ынтымақтасуды ілгерілеткен, дамытқан жан қазір тұрғындарға.

Бітпей қалған ісімнің,

Қарымтасын қайтаршы!

Саған арнап гүл ектім.

Саулық тіледім.

Әкеңдей болсаң жарайды!

Таянышым тірегім! – деп Жасұлғанға өлең жазып қалдырған.

Жасұлған 2025 жылы қарашада Қазақ теледидарында жақсы мазмұнды сұхбат берді. Әкесінің өмірі, еңбегі, өнері жайлы жайсаң ақпарат, деректер жариялады. Сағынышпен әңгімелеп, әкесінің 100 жылдығын атап өту туралы ұсыныс-пікірін айтты.

Кеңдалаға сәлем айт, жолдас-жырым,

Еңбегімді азды-көпті елейме екен?

Жолдас-жырым, келгейсің қайтып маған.

Жұрт лебізін бергейсің айтып маған – деп өлеңдетіп,

жұрттың жақсылық хабарын өзіне айтып әеткізуді жолдас-жырына сырын тапсырған.

Биыл Ақтөбе облысы әкімдігі басшылығы шешім қабылдады. 2026 жылғы негізгі шаралар Ахмет Жұбановтың 120, Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдығына арналады.

Көрнекті өнер иесі Бәкір Тәжібаевтың 100 жылдық мерейтойы жоғары деңгейде өткізіледі. Ақтөбе облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысы Алтынай Юнисова жоспарлап, белгіледі. Мерейтой іс-шаралары көлемді, мазмұнды, тақырыбы, жанры жан-жақты. Ақтөбеде Республикалық танымдық-насихаттық конференция шығармаларына арналады. «Бәкір мұрасы – ұрпаққа аманат» ақындар айтысы, «Жүрегім жырлап тұрады» театрлық қойылымы, Республикалық ән байқауы ұйымдастырылып өткізіледі. Облыс, Мәдениет, Білім, БАҚ, аудан, ауыл мекемелерінде іс-шаралар әртүрлі жанр, тақырыпта өткізіледі.


Жолдас жыры айтқан шара өз кезегіне, тақырыбына, жанрына, мазмұнына, аймағына байланысты сәйкес ақынға жұрт лебізін жеткізеді.

Бәкірдің рухы риза, жаны жәннатта болып, аспанды айналып жүр еді. Шаралар қорытындысында марапаттар, сыйлықтар тапсырылады.

Өмірі театрмен байланысты Бәкір Тәжібаев талантты театр сыншысы ретінде әр жылдарда республикалық театрлар сахналарында көрермендер назарына ұсынылған драмалық туындыларға рецензиялық мақалалар жазды.

Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театры сахнасында үлкен линзалы көзілдірігін киіп, қара көк костюммен өзінің «Ақбұлағын», «Туған жер, өзің дегенде» әндерін орындағанын көргенімде, ерекше шеберлікпен, ешкімге ұқсамайтын мәнермен, тартымды етіп айтқанда ерекше әсер алғаным естен кетпейді. Онда толық, ажарлы еді.

Ал кейін, 1993 жыл күзде Алматыда М.Әуезов атындағы театрда классик-жазушы Т.Ахтановтың 70 жылдығына арналған салтанатты жиында кездесіп, кейін әңгімелескенде арықтап, жүдеп қалған екен, елдің хабарын көбірек



сұрады, тағы да бір нәрсені айтқысы келгендей болғаны уақыт өттктен соң еске түсіп, ойға келеді.

Мен үшін Алматы жан мекен, Алатау тұр ғой алып құшаққа-деп «Алматы кеші» өлеңін жазған.

Астана болған әсем гүлді, Аппортты алмалы Алматыда 40 жыл жылы, жайлы қоныста тұрды. Шығарма жазды. Өнермен шұғылданды. Өйгілі өнерлілермен бірге жүрді. Өз ортасы. Риза.

Өйтседе, туған ауылы есінде, жүрегінде. Сағынды. Хабарласып, келіп-кетіп жүрді. Ақтөбеге, Байғанинге. Сонда жырымды Алматыға берсем бе? Өзім ауылда қалсам ба? - деп толғанды. Ақырында алып Алатау өз құшағына алды. Ақыңға ару Алматы мәңгі мекен болды.

1994 жылы қайтыс болып, Алматыда Кеңсай зиратына жерленген. Б.Тәжібаев қайтыс болар алдында композитор Мыржақсар Маңғытаевқа менің шаруамды Өбішке айтарсың деген екен. Бұны композитор маған айтқан еді. Сөйтіп, ақынмен қоштасу Өбіші Кекілбаевтың пәрменімен Алматы қалалық әкімшілігінің, Қазақстан Жазушылар Одағының ұйымдастыруымен М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрында өткізілді. Оған Ақтөбеде облыс әкімшілігінің атынан ресми делегация барып қатысты.

Бәкір Тәжібаевтың аты республикада белгілі, өнер мен мәдениет саласында лайықты үлес қосқан қайраткер. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ақтөбеде атында көше бар.

Байғанин ауданындағы музыка мектебіне 2000 жылы ақынның аты берілді. Мектеп 1971 жылы ашылды. Оны дамытуға мектеп директоры Мырзағали Төлеуов мол үлес қосты. Мектепте болдым.

Сазгер Бәкірдің атақты Қасым Аманжоловтың сөзіне жазған тамаша «Жас дәурен» әні Байғали Досымжановтың орындауында аса әсерлі, мазмұнды шықты, күңіреніп, ойлана, өмірдің үлкен философиясына тереңдеген «Ән мен күй, өлең сені қоя алмаспын» деген өлең жолы Бәкірдің өмірінің мазмұнын, мақсатын айқындағандай еді.

Бәкір ән мен жырдың Ақбұлағы, Еліміздің мақтаншысы, шығармашылығының әр саласында құлаш ұрған сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі. Оның шығармалары театр сахналарында қойылып, әндері филармония концерттерінде орындалып, ақын-сазгердің атын жаңғыртып тұр.

Бәкір Тәжібаевтың «Әлиясы» мен «Ақбұлағы» бүгінде халық аузында айтылып, кәсіби әншінің сахнада орындауында ән өлемінде қалықтауда, оның рухани өмірін жалғастыруда.

Ақтөбе облысының Құрметті азаматы
Еркін ҚҰРМАНБЕКОВ.

Кездесу

Мсылдар өтсе де – естеліктер мәңгі!



Бір кезде бала қиялмен асыр салып жүрген мектеп ауласы...

Бір кезде армандарын ақ параққа жазып, болашаққа қанат қаққан сынып бөлмелері...

Сыңғырлаған қоңырау үні, мұғалімнің мейірімге толы жанары, партада қатар отырған достардың күлкісі - бәрі-бәрі уақыт қойнауында қалғандай көрінгенімен, жүрек түкпірінде сол қалпы сақталыпты.

Биыл сол кезде «Комсомолдың ХХХ жылдығы атындағы орта мектеп» аталған білім ордасының 1966 жылғы түлектерін араға түп-тура 60 жыл салып, алтын ұя мектебінде қайта қауышты. Бұл - жай ғана кездесу емес, бұл - өткен күнге тағзым, жастың шаққа сағыныш, өмірдің сан тарау жолынан өткен жандардың жүрек пүліпімен өрілген ерекше басқосу болды.

Сол кездегі 30 жылдық мектептің ізімен тұрған бүгінгі №1 Қарауылкелді орта мектебіне келген ардагер түлектердің жүзінен толқу мен қуаныш қатар сезілді. Уақыт адамды өзгертсе де, мектепке деген сағыныштың бөяуын өшіре алмапты. Бір-бірін көрген сәтте сағыныспен қалған сыныптастар құшақтасып, өткен күндерді еске алды. Көз алдына бала күнгі бейкуна шақ, мектеп формасы, қоңырау үні мен ұстаздардың бейнесі қайта орандағандай әсерде болды.

Алпыс жыл - адам ғұмырындағы үлкен белес. Осы уақыт ішінде әкім әртүрлі тағдыр жолымен жүріп өтті. Бірі білім қуып үлкен қалаларға аттанса, енді бірі

еңбекке ерте араласты. Кейін шаңырақ көтеріп, ұрпақ өсіріп, елдің әр саласында абыройлы қызмет атқарды. Бірақ олардың бәрін қайта табыстырған ортақ құндылық - туған мектеп пен бала күнгі достық еді.

Кездесуге Дабыл Аққұлов, Нұрнияз Мұқанов, Ақой Раушанов, Қойшан Тоқаев, Жұбаншы Әбуов, Мендіғұл Азанқұлов, Құлпан Өтепова, Мира Аманғалиева, Нұрлығұл Өлібекова және өзге де түлектер арнайы келіп қатысты. Жасы ұлғайса да, жүздеріндегі жылылық пен бір-біріне деген ықылас сол баяғы қалпында сақталған.

Кездесу барысында өмірден өткен сыныптастар мен ұстаздардың рухына тағзым жасалып, мешітте құран бағышталды. Бұл - достыққа деген адалдықтың, өткенге деген құрметтің көрінісі еді.

Ардагер түлектер өздері білім алған қасиетті қара шаңыраққа мектептің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты. Мектеп дәліздерін аралап жүріп, әр бұрыштан балалық шақтың ізін сезгендей болды. Бірі терезе жақтағы өз орнына қарап естелік айтса, енді бірі сыныптас достарымен түскен суреттерді қолына алып, өткен күндерді сағынышпен еске алды. Әсіресе, ұстаздар жайлы естеліктер ерекше ықыласпен сөз болды. Олар Т. Жармағанбетов, С.Жиенбаев, Б.Тәжібаев, М.Досқұлов, Н.Қорбин, Т.Нұрмұханов сынды ұстаздардың тәлімі мен тәрбиесін үлкен құрметпен еске алды. Сол ұстаздардың берген білімі мен бағыт-бағда-

рының арқасында өмірден өз орындарын тапқанын тебіреніспен жеткізді. Сонымен қатар Т.Дүйсенбин, Т.Нұрлыханов, М.Жамантаев секілді ұстаздардың адамгершілікке үндеген тәрбиесі, шәкірттеріне деген қамқорлығы жайлы айтылған естеліктер көптің көңілін толқyttы. Түлектердің айтуынша, сол буын ұстаздарының арнайы келіп, аға бұынды құттықтауы болды. Бұл - ұрпақтар сабақтастығының өдемі көрінісі еді. Өз кезегінде 1966 жылғы түлектер «достықтың қадірін жоғалтпандар, уақыт өтсе де бір-бірлеріңді ұмытпандар» деген ізгі тілектерін айтып, дәл осындай 60 жылдық кездесуге аман-есен жетуді тіледі.

Шара барысында талай естелік айтылып, талай жүрек толқыды. Кей сәтте күлкі мен қуаныш үстем болса, енді бір мезетте көзге еріксіз жас үйірілді. Себебі бұл кездесуде әр адамның жастық шағы, өмір жолы, сағынышы мен тағдыры тоғысып жатты.

25, 35, 45, 50 жылдық кездесулерде де бас қосып жүрген түлектер бүгінгі 60 жылдық жүздесуді ерекше ықыласпен атап өтті. Олар денсаулық пен қуат берсе, әлі де осындай жүздесулердің жалғасатынына сенім білдірді.

Шын мәнінде, мұндай кездесулердің тәрбиелік мәні зор. Өйткені бұл - уақыттың қадірін ұғындыратын, достықтың мәңгілік екенін дәлелдейтін, ұстаз еңбегінің өлшеусіз екенін көрсететін тағылымды сәттер.

Жылдар жылжиды. Уақыт өзгереді. Бірақ мектеп қабырғасындағы шынайы достық пен жүрекке қалған естеліктер ешқашан ескірмейді. Алпыс жылдан кейін қайта қауышқан түлектер кездесуі соның айқын дәлелі болды.


Әйгерім КАРИМАН



Байғанин аудандық ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, есірткінің зияны туралы түсіндіру және жасөспірімдерді зиянды әдеттерден сақтандыру мақсатында мазмұнды әлеуметтік жоба жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Аталған жобаны «PROF CONTACT» қоғамдық бірлестігі жүзеге асырды.

Жоба аясында Ноғайты, Жарлы ауылдарында, сондай-ақ Қарауылкелді ауылындағы №1 орта мектеп, №2 орта мектеп, Т.Жармағамбетов атындағы орта мектеп және Қ.Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясында оқушылармен профилактикалық кездесулер өткізілді.

Кездесулер барысында жасөспірімдерге есірткі заттарының адам ағзасына, психологиялық жағдайына және болашағына тигізетін кері әсері туралы жан-жақты түсіндірілді. Арнайы бейнефильм көрсетіліп, оқушылармен ашық пікір алмасу ұйымдастырылды. Мұндай формат балалардың тақырыпты тереңірек түсінуіне, өз ойларын еркін жеткізуіне және дұрыс өмірлік ұстаным қалыптастыруына мүмкіндік берді.



Желідегі әдеп дегеніміз – интернет кеңістігінде сыпайылық сақтау, өзгелердің пікіріне құрметпен қарау, ар-намысқа тиімеу және жауапкершілікпен қарым-қатынас жасау. Кейбір адамдар әлеуметтік желіде өздерін еркін сезініп, ауыр сөз айтып, басқаға тіл тигізуді қалыпта жағдай деп қабылдайды. Алайда

ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жіті ішек инфекциялары (ЖИИ) – адамның ағзасына ауыз арқылы келіп түсетін, әр түрлі бактериялар ықпалынан орын алатын жіті ішек инфекцияларының аурулар тобы. Бұл топқа сальмонеллез, дизентерия, сонымен қатар, эшерихиоз, тағамдық токсикоинфекциялар, шартты-патогенді қоздырғыштардан туындаған жіті гастроэнтериттер жатады. Олар дәреттің бұзылуымен қоса, асқазан-ішек жолдарының зақымдалуына алып келеді.



Аурудың негізгі клиникалық көріністері қандай?

Ауру дене қызуының көтерілуінен, дәреттің бұзылуынан, яғни, оның жиіленуі мен босаңсуынан, іштің ауруынан басталады. Науқасты құсу мен лоқсу мазалайды. Ауру барысында ағза дәрет және құсу арқылы сұйықтығын шығара бастағандықтан сусыздану белгілері: әлсіреу, су-сау, демігу басталуы мүмкін. ЖИИ науқас адаммен байланыс барысында берілуі мүмкін. Науқастардың, сондай-ақ оларды күтуші жақындарының ұқыптылығы, жеке бас гигиенасын сақтауы өте маңызды. Себебі, инфекция қоздырғыштары бар нәжістің қолға жұғуы ол арылы тамаққа, ыдысқа, жиһазға, ойыншақтарға және басқа да тұрмыстың заттарға түсуіне алып келеді. ЖИИ су арқылы да жұқтыруға болады, яғни, қайнатылмаған суды қолданғанда және ашық су қоймаларында суға түсу барысында ағзаға су түскен кезде жүзеге асады. Нәжісте орын алған ішек инфекцияларының қоздырғыштары топыраққа сіңеді, ал ол жерден жауын кезінде әр түрлі су қоймаларына (өзен, тоған

САЛАУАТТЫ ӨМІР - САНАЛЫ ТАҢДАУ!



Сонымен қатар Қ.Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясында оқушылар арасында спорттық топтық марафон ұйымдастырылды. Спорттық шараның басты мақсаты – жастарды белсенді өмір салтына баулу, командалық рухты қалыптастыру және салауатты өмірдің маңызын дәріптеу болды.

Марафон жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар ерекше белсенділік таныт-



ты. Жарыс барысында оқушылар ұйымшылдық пен спорттық мәдениеттің жарқын үлгісін көрсетті. Үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар марапатталып, барлық оқушыға көтеріңкі көңіл-күй сыйланды.

Жоба аясында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына да ерекше мән берілді. Арнайы тақырыптық материалдар дайындалып, жастар арасында таратылды. Өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталып, сапалы фото және бейнематериалдар арқылы ақпараттық қолдау көрсетілді.

Жоламан АСАНҰЛЫ

ЖЕЛІДЕГІ ӘДЕП – ТҰЛҒАЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ АЙНАСЫ

Қазіргі заманда интернет пен әлеуметтік желі адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Адамдар күн сайын түрлі ақпарат алмасып, пікір білдіріп, өз ойларын көпшілікке жариялайды. Осындай ортада желідегі әдеп сақтау – әр адамның мәдениеті мен тәрбиесінің көрінісі. Өйткені адамның виртуалды әлемдегі әрекеті оның шынайы болмысын танытады.

мұндай әрекет қоғамдағы сыйластыққа кері әсер етеді. Әдепсіз жазылған пікір немесе жалған ақпарат адамдар арасында түсінбеушілік пен жанжал туғызуы мүмкін.

Тұлғалық мәдениеті жоғары адам желіде де өзін ұстамды әрі сауатты көрсетеді. Ол біреуді кемітпейді, артық сөз жазбайды және ақпараттың рас-өтірігін тексеріп барып таратады. Сонымен қатар, уақытты тиімді пайдаланып, интернетті білім алу мен

пайдалы қарым-қатынас құралы ретінде қолданады. Бұл – адамның жауапкершілігі мен ішкі мәдениетінің белгісі.

Әлеуметтік желіде әдеп сақтау жастар үшін ерекше маңызды. Себебі бүгінгі жас ұрпақтың көп уақыты интернетте өтеді. Олар желідегі қарым-қатынас арқылы өз мінезін қалыптастырады. Егер жастар сыпайылық пен құрметсіздік басты құндылық деп түсінсе, қоғамда да мәдениетті орта қалыптасады.

Қорытындылай айтқанда, желідегі әдеп – тұлғалық мәдениеттің айнасы. Адамның интернеттегі әр сөзі мен әрекеті оның тәрбиесін, білімін және адамгершілігін көрсетеді. Сондықтан виртуалды кеңістікте де әдептілік сақтап, бір-бірімізге құрметпен қарау – баршамыздың міндетіміз.

Байғанин аудандық дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығы



ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТА – БҮГІНГІ ҚҰРЫЛЫС САПАСЫНЫҢ БАСТЫ ӨЛШЕМІ

Қазіргі таңда елімізде құрылыс саласына қойылатын талаптар күшейіп келеді. Жаңа Құрылыс кодексі ең алдымен нысандардың сапасына, қауіпсіздігіне және халық үшін қолжетімді болуына басымдық береді.

Осы ретте «сәйкестік декларациясы» ұғымының маңызы артып отыр. Бұл – салынған нысанның құрылыс нормаларына, жобалық құжаттарға және заң талаптарына толық сәйкес келетінін растайтын ресми құжат. Алайда бүгінгі талап тек ғимаратты салып бітірумен шектелмейді. Ең маңыздысы – сол нысанның барлық азаматтарға ыңғайлы әрі қауіпсіз болуы.

Мемлекет басымдық беріп отырған негізгі бағыттардың бірі – кедергісіз орта қалыптастыру. Бұл мүгедектігі бар азаматтар, қарт адамдар, аз қозғалатын тұрғындар мен балалар арбасын пайдаланатын ата-аналар үшін қолайлы жағдай жасау деген сөз. Өкінішке қарай, кейбір нысандарда қолжетімділік элементтері тек формалды түрде жасалатын жағдайлар кездеседі. Ал шын мәнінде пандус, лифт, тактильді бағыттағыштар, санитарлық бөлмелер мен қозғалыс жолдары адамның өз бетінше еркін қозғалуына нақты мүмкіндік беруі тиіс. Осыған байланысты Әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің

аумақтық департаменттері түсіндіру және бақылау жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Себебі қолжетімді орта – бұл тек құрылыс талабы емес, бұл қоғамның мәдениеті мен әлеуметтік жауапкершілігінің көрсеткіші.

Жаңа Құрылыс кодексі барлық қатысушылардың жауапкершілігін күшейтеді. Егер нысан талаптарға сәйкес келмесе, сәйкестік декларациясына қол қою – заң алдындағы жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Сондықтан құрылыс компаниялары мен жобалаушыларға қойылатын басты талап – қолжетімділік мәселесін құрылыс аяқталғаннан кейін емес, жобалау кезеңінен бастап ескеру.

Біздің ортақ мақсатымыз – әр азамат өзін еркін сезінетін, қауіпсіз әрі қолжетімді орта қалыптастыру.

Ғалым ТҰРСЫНБАЕВ
Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департамент басшысы

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті мәзіріне болып табылмайды. Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен көзінше жарнама беруші жауапты. * Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

Құттықтаймыз!

Қарауылкелді ауылы, Абай тұйығы №17 үйдің тұрғыны

Анамыз Тәжигалиева Розаны 80-жасқа толған күнімен құттықтаймыз!

Ардақты анашым,
сексен жасқа келдіңіз,
Ақ жаулықты қадірін елге бердіңіз.
Мейірімін күн нұрындай төгіліп,
Бізге бақыт, береке боп ендіңіз.

Сексен жасың –бір бәйтерек саялы,
Әр сөзіңіз жүрекке ыстық аяулы.
Ұрпағыңыз айналаңызда шаттанып,
Орнасыншы шаңырақта баянды үн.

Анашым , жүз жасаңыз аман боп,
Қуанышқа жүріңізші оранып.
Деніңіз сау, көңіліңіз әрқашан,
Жүре берсін өмір жолы жаңарып.

Игі тілекпен: Балалары –келіндері, қыздары-күйеу балдары, немерелері, жиендері,шөберелері.

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ БОЛАШАҒЫНА ТӨНГЕН ҚАТЕР

Жиырма бірінші ғасырдың ең қауіпті де қатерлі кеселдерінің бірі – нашақорлық. Бұл жай ғана зиянды әдет емес, адамның санасын улап, ерік-жігерін құрдымға жіберетін, соңы өлімге әкелетін ауыр дерт. Жыл сайын бұл батпаққа мыңдаған жас буын шырмалып, өз өмірлерін гана емес, жақындарының да тағдырын талкекке салуда.

Нашақорлықтың басты себептері мен белгілері Жастардың бұл қадамға баруына әртүрлі факторлар әсер етеді. Олардың ішіндегі ең жиі кездесетіндері: Қызығушылық пен еліктеу: «Бір реттен ештеңе етпейді» деген алдамшы ой немесе ортадан қалмауға тырысу. Психологиялық мәселелер: Жалғыздық, күйзеліс, отбасындағы түсініспеушіліктер немесе өмірлік қиындықтардан қашу үрейі. Ақпараттық қолжетімділік: Қазіргі таңда синтетикалық есірткілердің интернет пен әлеуметтік желілер арқылы оңай таралуы.



Маңызды белгілері: Егер жақын адамыңыздың мінез-құлқы күрт өзгерсе (оқшаулану, агрессия), ұйқысы мен төбеті бұзылса, көз қарашығы үлкейіп немесе кішірейіп кетсе және қаржылық шығындары себепсіз өссе – бұл дабыл қағатын жағдай.

Заманауи қауіп: Синтетикалық есірткілер Бүгінгі таңда дәстүрлі есірткілердің орнын «синтетика» (түрлі химиялық қоспалар, «тұздар», «микстер») басты. Олардың қауіптілігі сол – бір-екі рет қолданғаннан-ақ адам бойында психологиялық және физикалық тәуелділік тудырады. Бұл заттар адамның орталық жүйке жүйесін және ми жасушаларын санаулы айлардың ішінде қалпына келмейтіндей етіп зақымдайды.

Қоғам мен мемлекеттің міндеті Нашақорлықпен күресу – тек құқық қорғау органдарының ғана жұмысы емес. Бұл – бүкіл қоғам болып жұмыла көтеретін жүк.

Бағыттар	Атқарылатын шаралар
Отбасылық тәрбие	Баламен ашық сөйлесу, оның достарын білу, бос уақытын тиімді ұйымдастыру.
Мектеп пен ЖОО	Нашақорлықтың зардабын түсіндіретін сапалы, қорқыныш тудыратын емес, шынайы ақпараттық шаралар жүргізу.
Мемлекеттік бақылау	Есірткі тарататын интернет-сайттарды бұғаттау, заңнаманы қатайту және жастар үшін спорттық, шығармашылық үйірмелерді қолжетімді ету

Нашақорлық – бұл саналы түрде таңдалған өлім соқпағы. Оған тосқауыл қоюдың ең тиімді жолы – салауатты өмір салтын насихаттау және әр адамның бойында «Есірткіге жол жоқ!» деген берік иммунитетті қалыптастыру. Болашағымыз жарқын, ұрпағымыз сау болсын десек, бұл дертпен күресті бүгіннен, әрқайсымыз өз отбасымыздан бастауымыз керек.

Аудандық ішкі саясат бөлімі

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы Қарауылкелді селосы, Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1404
Тапсырыс №755
Көлемі 1 баспа табақ.